

АЙМАҚ АҚШАМЫ

№32 (101) ЖҰМА

20 қыркүйек 2024 жыл

САЯСИ-ҚОҒАМДЫҚ, ТАНЫМДЫҚ-САРАПТАМАЛЫҚ, АҚПАРАТТЫҚ-ЖАРНАМАЛЫҚ ГАЗЕТ



**ҰЛЫТАУ
ОБЛЫСЫНЫҢ
ӘКІМІ СӘТБАЕВ
ҚАЛАСЫНЫҢ
ХАЛҚЫМЕН
КЕЗДЕСЕДІ**



25

**СӘРСЕНБІ,
ҚЫРКҮЙЕК
2024**

УАҚЫТЫ: 15:00



Өтетін орны:

Ш.Ділдебаев атындағы
Кеншілер сарайы



**Қабылдауға жазылу
үшін:**

8(71063) 3-48-20
87778442795



Әлеуметтік желілер:

instagram:
@ulytau_oblysy
telegram:
@ulytau_oblysynyn_akimdigi

АҢДАТПА

Қадірлі жерлестер, Ұлытау облысының әкімі Берік Әбдіғалиұлы 2024 жылғы 25 қыркүйек, сағат 15:00-де Сәтбаев қаласының халқымен кездеседі.

Кездесуден кейін өңір басшысы тұрғындарды жеке мәселелері бойынша қабылдайды.

Өтетін орны: Ш.Ділдебаев атындағы Кеншілер сарайы

Жеке қабылдауға жазылу үшін: Қабылдауға жазылу үшін:

87778442795, 871063-3-48-20 телефондарына хабарласу керек.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Сәтбаев қаласының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ барша жұртшылықты, соның ішінде мүдделі қауымды - «Сәтбаев қаласының өндірістік аймағының егжей-тегжейлі жоспарлау жобасы, ауданы 388,0» атты жұмысы бойынша қоғамдық талқылаулардың және жоба мәліметтерін қарастыру шаралары өткізілетінін мәлімдейді.

Қоғамдық тыңдаулар уақыты: 2024 жыл 23 қазан, 15 сағ.00 мин. Мекен жайы: Сәтбаев қаласы, академик Қ.Сәтбаев даңғылы № 108, «Ұлытау облысы Сәтбаев қаласы әкімінің аппараты» ғимаратының үлкен залында өтеді.

Тапсырыс беруші: «Сәтбаев қаласының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ.

Байланыс телефоны: 871063 33176, 87106338469

e-mail: satp_zemly@mail.ru

Жоба әзірлеушісі - «NAMARK PROJECT» ЖШС.

Байланыс телефоны: 8 7071019177; e-mail: Pf_grado_1@mail.ru

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ГУ «Отдел земельных отношений, архитектуры и градостроительства города Сатпаев» доводит до общего сведения, включая заинтересованную общественность, о предстоящем проведении общественного обсуждения материалов работы - «Проект детальной планировки промышленной зоны города Сатпаев площадью 388,0».

Общественные слушания состоятся 23 октября 2024 г. по адресу: город Сатпаев, пр. Академика К.Сатпаева, № 108, в здании «Аппарат акима города Сатпаев области Ұлытау» в 15 ч.00 м.

Заказчик: ГУ «Отдел земельных отношений, архитектуры и градостроительства города Сатпаев»

Байланыс телефоны: 871063 33176, 87106338469

e-mail: satp_zemly@mail.ru

Разработчик проекта - ТОО «NAMARK PROJECT»

Тел: 8 7071019177; e-mail: Pf_grado_1@mail.ru

«ТӘУЕЛСІЗДІК ҰРПАҚТАРЫ» ЖОБАСЫ

ЖАСТАРДЫҢ ЖАҚСЫ БАСТАМАСЫ

Елімізде «Тәуелсіздік ұрпақтары» атты жоба жүзеге асырыла бастағаны белгілі. Осыған орай әрбір жергілікті қала, аудан әкімдіктері жас кәсіпкерлерге арналған гранттар белгіледі. Сәтбаев қаласының әкімдігі де бес бағыт, яғни ғылым, мәдениет, ақпараттық технологиялар, бизнес, медиа сала-сына қатысты жобаларға конкурс жариялаған болатын. Бұрынғыларға қарағанда биылғы конкурстың бір ерекшелігі, жасы 14-ке толған жасөспірімдерге де қатысуға рұқсат берілді.



Жарияланған конкурсқа барлығы 48 өтініш түсті. Олар өз жобаларын арнайы комиссияның талқысына салып, қорғап шықты. Комиссия 10 жобаны жеңімпаз деп таныды.

Жеңімпаздарға грант тапсыру салтанатты жағдайда өтті. Сәтбаев қаласының әкімі Мұрат Бөрібаев бүгінгі жас кәсіпкерлердің келешекте бизнестің ірі өкілдеріне айналуына тілектестік білдірді.

«Сіздердің бүгінгі талаптарыңыз – ертеңгі зор істеріңіздің алғашқы баспалдағы ғана. Мемлекеттің қамқорлығы арқасында кәсіптеріңіз өркендеп, қанатын жая берсін», деді ол.

Жеңімпаз атанған жастардың арасында ең жасы кішісі Ескендір Ардақұлы екен. Ол Білім инновациялық мектебінің 11-сыныбында оқиды. Табиғатынан икемі бар бала ағаштан қазақтың ұлттық музыкалық аспаптарын, киіз үй, т.т. кәдесый ретінде жасайды.

Құрылысқа қажетті сым өндірумен айналысуды қолға алған жас кәсіпкер Бота Хафизовтің жобасы да өзіндік ерекшелігімен тартымды. Ол шағын цех ашып, өндірісті жолға қойып алған соң, сұраныстың мол болатынына сенімді.

«Біздің өңірімізде, әсіресе Жезқазған, Сәтбаев қалаларында кейінгі жылдары құрылыс қарқын ала бастады. Соны көріп, біліп жүрген соң, осындай идея туындады», деген Хафиз ойдағыны жүзеге асыруға мүмкіндіктің молая түскеніне қуанышты.

Ал жеңімпаздар қатарынан көрінгендердің бірі Ринат Мұхаметшин дәнекерлеу цехын ашуды көздесе, Гүлдана Шәкенова ДТФ арқылы және шелкография әдісімен эксклюзивті киім өңдеуді қолға алуды мақсат еткен. Әрбір жобаның өз ерекшелігі бар. Жеңімпаздарға 2 млн 500 мың теңгеден 3 млн 500 мың теңгеге дейін грант берілді.

Келесі жылдан бастап «Тәуелсіздік ұрпақтары» гранты жергілікті деңгейлерде де бес емес, алты бағыттан тұратын болады. Өйткені бұған волонтерлік бағыт та қосылады. Демек жаңа жобалар жалғасын табады. Кәсіпкерліктің дамуы экономиканы әртараптандыруға алып келеді. Жас кәсіпкерлерге деген қамқорлықтың түпкі мақсаты да – осы.

Абдолла НҰРТАУҰЛЫ.

ХАЛЫҚ ШТАБЫ ҰЛЫТАУ ЖҰРТШЫЛЫҒЫ ОРТАСЫНДА

АЭС салуды қолдау жөніндегі Халық штабы аймақтарда тұрғындармен кездесулер өткізіп жатыр. Кеше штаб мүшелері Ұлытау облысының тұрғындарымен жүздесіп, атом электр стансасын салу мәселесін талқылады.



Жезқазған қаласында өткен кездесуге 300-ге жуық адам қатысты. Онда өңір экономикасының даму мүмкіндіктері талқыланды. Дамыған өнеркәсібімен танымал Ұлытау облысы көптеген экологиялық мәселелерге тап болып отыр. «Аманат» партиясының атқарушы хатшысы Дәулет Кәрібектің айтуынша, биыл 6 қазанда отандастарымыз елдің болашағын айқындайтын таңдау жасайды.

«Атом стансасын салу туралы соңғы шешімді халық қабылдайды. Дәл осы мақсатта референдум өткізіледі. Ұлытау – бұл тек ұлттың рухани тірегі ғана емес, сонымен қатар ежелгі металлургия және тау-кен өнеркәсібінің ошағы. Бұл өңірдің халқы мырыш құйып, құрыш балқытудың, сондай-ақ шахталардағы еңбектің мәнін жақсы біледі. Егер Президент айтқандай, Әділетті Қазақстанды құрғымыз келсе, онда өз таңдауымызды жасауымыз керек. 6 қазанда өтетін референдум – осындай тарихи қадамдардың бірі», деді Д.Кәрібек.

Халық штабының мүшелері АЭС құрылысы мәселесін жалпыұлттық референдумға шығару елдегі демократиялық институттардың нығаюының маңызды көрсеткіші, «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын жүзеге асырудың дәлелі екенін атап өтті.

Сондай-ақ осы күні штаб мүшелері Сәтбаев қаласына барып, Г.Омаров атындағы шахта қазу тресінің шахтерлерімен кездесті. Талқылауға 100-ден аса шахтер қатысты, онда болашақ энергетика және еңбек нарығының негізгі мәселелері қозғалды. Қатысушылар Әділетті Қазақстан құру шахтерлердің белсенді қатысуынсыз мүмкін емес екенін атап өтті.

Содан кейін штаб мүшелері Жезқазған мыс қорыту зауытының металлургиямен кездесті. Еңбек ұжымы алдағы референдумға белсенді қатысатынын айтты.

«Egemen Qazaqstan»,
18.09.24

О РАБОТЕ ТЕРРИТОРИАЛЬНОЙ КОМИССИИ

Указом Президента РК № 636 от 2 сентября 2024 года назначен республиканский референдум. На референдум выносится вопрос с формулировкой: «Согласны ли Вы со строительством атомной электростанции в Казахстане?».

В референдуме имеют правовое основание участвовать граждане Республики Казахстан, достигшие 18-летнего возраста и обладающие активным избирательным правом.

Для организации процесса голосования в г.Сатпаев действуют городская территориальная и 28 участковых комиссий референдума. Составы комиссий, адреса их местонахождения, а также границы участков опубликованы на сайте акимата города Сатпаев в разделе «Выборы», в подразделе «Референдум-2024» и в общественно-политической газете «Аймақ ақшамы» № 30 от 6 сентября 2024 года.

Комиссии референдума приступили к работе с 16 сентября т.г., режим работы: понедельник-пятница с 9.00 до 19.00, суббота-воскресенье с 9.00 до 17.00 без перерыва (в виду производственной необходимости отдельный график работы установлен на участке референдум № 300). Члены комиссий прошли онлайн обучение в Академии государственного управления при Президенте РК по организационно-правовым вопросам проведения референдума.

Территориальная комиссия осуществляет на территории г.Сатпаев контроль за исполнением законодательства о референдуме, направляет деятельность участковых комиссий. Участковые комиссии работают со списком голосующих, готовят помещение для голосования, сообщают участникам референдума о месте и времени голосования, организуют голосование в день проведения референдума в том числе в части про-

ведения агитационной работы, проводимой гражданами и общественными объединениями.

В целях уточнения себя в списках участников референдума при акимате города создан Call-центр, информационно-справочная служба (3-79-86).

Каждый житель города имеет возможность проверить себя на официальном сайте аппарата акима или по ссылке Sailau09.gov.kz.

Также граждане могут проверить себя в списке участников референдума на участках по месту регистрации. Особо обращаю внимание на тот момент, что граждане включаются в список только один раз по месту своей регистрации (прописки). Факт проживания на участке без регистрации не дает возможности голосовать на данном участке.

На своем участке граждане, которые в день референдума будут находиться за пределами города, могут с 20 сентября по 5 октября до 18 часов получить открепительное удостоверение и по ним проголосовать в месте пребывания.

Голосование по вопросу референдума пройдет 6 октября 2024 года с 7.00 часов до 20.00 часов.

Прошу сатпаевцев проявить активность и реализовать свое право на участие в референдуме.

Н.ГЕЙМБУХ,
заместитель председателя
Сатпаевской городской
территориальной комиссии
референдума.


КӘСІПКЕРЛЕР ТОЛЫҚ ҚОЛДАЙДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында атом электр стансасын салу тақырыбына тоқталды. Бұл мәселені халықтық референдум арқылы талқылау ұсынылды.



Кәсіпкерлер Палатасы Үкіметтің бұл бастамасын толығымен қолдайды. Атом электр станциясының құрылысы отандық бизнестің дамуына қуатты

серпін беретініне сенімдіміз. Республикада ірі, шағын және орта бизнестің үлесі жыл сайын артып келеді. Алайда жаңа кәсіп ашуға мүмкіндік жеткіліксіз. Осыған орай, жаңа энергия көзі ретінде АЭС құрылысы бизнесті кеңейтіп, жаңа өндірісті енгізуге мүмкіндік береді. Атом электр станциясы еліміздің импорттық электр энергиясына тәуелділігін азайтуға көмектеседі. Біз энергетикалық тәуелсіз республика боламыз. Сарапшылардың пікірінше, Қазақстан өзін энергиямен қамтамасыз етіп қана қоймай, оны экспорттай алады. Қуатты энергетикалық инфрақұрылымның болуы инвестиция тартып, жаңа инвестициялық жобаларға мүмкіндіктер ашады. Атом электр станциясын енгізу құрылыс сатысында ғана емес, станцияның өзін пайдалану кезінде де жаңа жұмыс орындарын құруға мүмкіндік береді. Неғұрлым қолжетімді энергия кәсіпкерлерге жаңа өндіріс әдістерін енгізуге мүмкіндік береді, бұл



бәсекеге қабілеттілікті арттыруға және кәсіпкерлік белсенділікті арттыруға әкеледі. Энергия шығындарын азайту жергілікті өнімдер мен қызметтердің тартымдылығын арттырады және халық үшін олардың құнын төмендетеді.

Атом электр стансасын салу – бұл жай ғана қажетті қадам емес, сонымен бірге бүкіл республика үшін стратегиялық маңызды шешім. Іскерлік ортада атом электр станцияларын енгізу аймақтағы экономикалық өсім мен инфрақұрылымды дамытуға ықпал ететін ауқымды жоба ретінде қарастырылады. Басқа елдерде атом

электр станциясын салудың сәтті мысалдары бар. Атом электр станциясын салу бойынша референдум өткізу бұл жобаның ашықтығы мен заңдылығын қамтамасыз етудегі маңызды қадам болуы мүмкін. Референдум азаматтарға атом электр станциясының құрылысына қатысты өз пікірлері мен қалауларын білдіруге мүмкіндік береді. Бұл қоғамның хабардар болуын және маңызды шешімдер қабылдауға қатысуға деген құлшынысын арттырады.

Гүлмира ҚАЖЕНОВА,
Ұлытау облысы Кәсіпкерлер
Палатасының директоры.

► ДӘСТҮРДІ – САҚТА, ДІНІНДІ – САТПА!

«БІЗ ЗАЙЫРЛЫ МЕМЛЕКЕТПІЗ»



Мемлекетіміздің табан тіреп, арқа сүйейтін Ата Заңының 1-бабының 1-тармағында осылай деп шегелеп айтылған. «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы - адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары», - дейді аталған бап. Ал осы Конституциялық Заңымыздан тарамдалып шығатын заңдардың бірі саналатын «Қазақстан Республикасының діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңында да жоғарыда айтылған ұстаным ап-айқын етіп көрсетілген. Аталған Заңның 3-бабында: «Мемлекет дін мен діни бірлестіктерден бөлінген», «Діни бірлестіктер және Қазақстан Республикасының азаматтары, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар дінге көзқарасына қарамастан заң алдында тең», «Ешбір дін мемлекеттік немесе міндетті дін ретінде белгіленбейді», «Діни білім беру ұйымдарын қоспағанда, Қазақстан Республикасында білім беру мен тәрбиелеу жүйесі дін мен діни бірлестіктерден бөлінген және зайырлы сипатта болады», - деп тайға таңба басылғандай етіп айтылған. Демек, Ата Заң белгілеген құқықтық норма – әлем көшіне ілесіп, өзімізге лайық тарихи орнымызды танытамыз деген мемлекеттің басты қағидасы. Бұл қағидаға қарсы әрекет етуші күштердің қимылы – елдігімізге, арман-мұратымызға, ұрпақ болашағына балта сілтеген әрекет. Қатты айтсақ та, байламымыз осы.

Осы саланың ұңғыл-шұңғылын зерттеп, ғылыми байламдарын жасаған

мамандарының пікіріне сүйенсек, зайырлы деген атеистік дегенді ұғымды білдірмейді. Ол – тарих сабақтарынан озық тәжірибелерді танып, таңдай білген, адами асыл мінездер мен адам баласы үшін бағалы саналатын құндылықтарды алдыңғы орынға қоя алатын, ізгілік билік құрған, озық ой патшалық ететін, толерантты, ашық қоғам. Зайырлылық пен дінсіздікті тең ұғым деп түсініп қалмауымыз керек.

Мемлекетіміздің Конституциялық Заңы әрбір адамның діни сенім бостандығына кепілдік береді және конфессиялық, этникалық және басқа да белгілері бойынша кемсітушіліктің кез келген түріне тыйым салады. Міне, біз осындай зайырлы қоғам құруды мақсат еттік. Бір деректерде дүние жүзінің 113 мемлекеті зайырлы мемлекет қатарына жатады екен. Ал 75 мемлекетте дін мемлекетті басқарудың тетігіне айналған. Ал осы зайырлы мемлекеттер мен дін мемлекеттің ресми бөлігі саналатын мемлекеттердің дамуы, өркениет көшінен алар орны, ел іші тыныштығының берекелі болуы жағынан деңгейлері әрқилы екені белгілі. Біздің айтпағымыз басқа.

Ұлтжанды қайраткерлердің ой-пікірі тоғасқан «Алаш» партиясы бағдарламасында қазақ халқына дербестік әперуді көздеген ұлттық мемлекеттік құрылыс туралы, қоғамның демократиялық жолмен дамуы жайлы, адам еркі мен бостандығы хақында аса маңызды баптар көрсетілген. Сол бағдарламада дін мәселесіне да айрықша көңіл бөлінгенін білеміз. «Дін ісі мемлекет ісінен айырылуы болуы. Дін біткенге тең құқық. Дін ұстауға ерік, кіру, шығу жағына бостандық...» деген мәселелер екіпін түсіріле айталған. Не себепті? Ұлт дамуы, мемлекет өркендеуі үшін қажет қағида осы болғандығында. Олар да зайырлы мемлекет құруды армандады.

Иә, біз зайырлы мемлекет болуды қаладық. Әу бастан сондай мемлекеттің негізі қаланды. Соны баянды ету жолында түрлі қиындықтарға тап болғанымыз да жасырын емес. Мәселен, «дін жолындамыз» деген жамылғымен кіріп, өздерінің дәстүрлі дінге жат қимылдарын көрсетіп, қоғамымызда күрделі ахуал туғызғанын білеміз. Соның салдары әлі күнге дейін білінетінін несіне жасырамыз. Бір исламның жолындағы

азаматтарымыздың бір-біріне кереғар бағыттағы ұстанымға бой алдырып, бір дастарқан басында отыра алмайтын жайттың орын алғанын кім өтірік дей алады?! Алла деп құлшылық қылған Раббысы біреу, ақиқи кітап деп ұстаған Құраны біреу, бет бұрған деп салауат айтқан Алла елшісі де біреу болған ислам әлемінде осыншалық жіктелудің болу себебі не? Басқа діндерді айтпағанда, өзімізге етене жақын исламның іші түрлі ағымдардың сайран салған ортасына айналып кетуі ойландырады.

Фанатизм – жұтқыншаққа қадалған сүйек.

Белгілі ғалым А.Айталы ұлт көсемі Ә.Бөкейханның исламға қатысты ойларын саралай келіп: «Ұлт көсемі, бір жағынан, патша үкіметінің орыстандыру, шоқындыру саясатын сынаса, екінші жағынан, имам-моллалардың надандығын сынға алып, қазақтарды фанатизмнен, бірбеткейлік соқыр сенімге бой алдырудан сақтандырады», - дейді. Ә.Бөкейханды шошындырып тұрған қазақтың Аллаға деген құлшылығы емес, діндарлығы емес, оны үрейлендіретін – фанатизм, әсіредіншілдік. Өйтпесе ғасырдың ғұлама жазушысы М.Әуезов ұлт көсеміне үндес келетін: «Қазақты жуырда жетілдірмейтін тағы бір себеп – діни фанатизм, надандық, ескі ғұрып, ғадат», - демес еді.

Біз бұл айтқан пікірімізбен есімдері аталған тұлғаларды ислам әлемінен жырақтатып немесе қарсы күш ретінде қойып отырған жоқпыз. Керісінше, олар ислам дінін «...ғылым мен білімнің дамуын қолдаушы, адамды жаман істерден тежеуші, дұрыстыққа, имандылыққа тәрбиелеуші» деп түсінді. Ал фанатизмді, шала сауаттылықты, соқыр сенімді қауіпті құбылыс ретінде қарады. Бұдан түйеріміз мынау: Қазақстан – зайырлы мемлекет. Онда еркіндік бар. Ал еркіндіктің болуы – «есік-тереземіз ашық, келіңдер де ойларыңа келгенін жасай беріңдер» деген сөз емес. Зайырлы қоғам – еркіндік пен толеранттылық, жариялылық пен жарқындық билік құрған, бірақ Заң талаптары мен тәртіп деген қарауылы бар орта.

Дін мемлекеттен бейтарап саналғанымен, ол мемлекеттің руханият

саласының бір өзегі. Ендеше мемлекет те «біз діннен бөлекпіз» деп іргесін аулақ сала алмасы белгілі. Өлдебір «қолайлы сәттер мен мүмкіндіктерді» дер кезінде пайдаланып, ел ішіне емін-еркін еніп, оңды-солды тіркеліп, діни үгіт-насихат жұмыстарын қалай болса солай жүргізуді бастап жіберген жат пиғылды діни бағыттағы бірлестіктер мен миссионерлердің заңға қайшы келетін қимылдары бізді алаңдатады.

Дін, айырып айтсақ, ислам діні – адамға имани байлық дарытатын, нәпсіңді ізгілік-иманның табанына салып беретін, «адам адамға - бауыр» қағидасын сүйегіңе бекітетін, жүрек тазалығына қол жеткізетін ілім. Тұла бойынды тұмшалап жауып алып, өзгерге «дінсіз, кәпір» деп алақөздеме қарайтын, өркениет қадамдарын харама санайтын, ғылым мен білімді тәркететіндердің діни емес ол.

Құлшылықтың бір түрі – парыз саналған намаз. Намаз күніне бес рет бой тазартып, жайнамазыңды жайып, тәкбірдің айтып, құлшылыққа еніп ой тазарту. Бір сәт Алла әмірінің алдында тұрып өз-өзіңе есеп беру, ағаттығыңа кешірім сұрау, тілек тілеу. Сонан соң Алла риза боларлық ісіңе қайта кірісу. Құнанбай қажының баласы Абай тілімен айтсақ, «Енді біліңіздер, ей перзенттер! Құдай тағаланың жолы деген жол Алла тағаланың өзіндей ниһаятсыз (шексіз, өлшеусіз) болады. Оның ниһаятына ешкім жетпейді. Бірақ сол жолға жүруді өзіне шарт қылып кім қадам басты, ол - таза мұсылман, толық адам делінеді».

Біз атеист емеспіз, біз ғаршы-ғалам Раббысын танимыз, тәба қыламыз, құлшылық етеміз.

Біз өз ұлтымыздың перзентіміз.

Біз Қазақстан дейтін мемлекеттің толық құқылы мүшесіміз. Мақсатымыз – Жаңа Қазақстанды құру, бастаған істі баянды ету. Ал Жаңа Қазақстанды құратын күш – «Әділетті азаматтардың» бас біріктірген ортасы. Мемлекет басшысы айтқандай, «Әділетті азамат» дегенді біз ақыл-иман кемелдігіне жеткен «толық адам» деп қабылдаймыз. Біз ұстанған дін осыған қызмет етсе керек. Басқасына біз күмәнмен қараймыз.

Ғазиз ЕШТАНАЕВ,
Қазақстан Жазушылар
одағының мүшесі.

ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМ – ТҰРАҚТЫЛЫҚ КЕПІЛІ

Біздің өңірде этно-мәдени бірлестіктер, қоғамдық ұйымдар, діни бірлестіктер, ұлт пен ұлыстар бір шаңырақ астында ертеден-ақ, тату-тәтті, басқа елдерге үлгі-өнеге болып ғұмыр сүріп келеді десем болады.

Әсіресе, өзге ұлт өкілдерінің орталықтары қоғамдық келісім мен бірлікті нығайтып, еліміздегі тұрақтылықты сақтауда жүйелі әрі сапалы жұмыстар атқарып келеді. Соның нәтижесі қандай да бір қоғамдық мәселе туындай қалса, ешбір шиеленіссіз, қоғамдық дау-дамайсыз, бір-бірімен дөңгелек үстел басында тереңнен

ақылдаса отырып, бірлікпен оңтайлы шешімдер қабылдап, алдағы жұмыстарын пысықтап, бағыт-бағдар жасап отырады. Осының бәрі ел мен жерге деген адалдық, сүйіспеншілік деп ойлаймын. Отаны бірдің - жүрегі бір деген осы шығар. Қазақстан халқы Ассамблеясының атқарып отырған жұмысы өте ауқымды. Қазақстанды

мекен етіп жатқан барлық ұлттардың басын бір арнаға тоғыстырып, қандай күн болса да, татулықты ту етіп, елдегі тұрақтылықты нығайтуда. Соның бір айғағы көктемдегі су тасқыны кезінде дер кезінде жұдырықтай жұмыла біліп, нәсіліне қарамай қайырымдылық шараларын жедел ұйымдастырып, қиналған отандастарына көмек қолын соза білді. Ұлытау облысының орталығы Жезқазған қаласында да өзге ұлттар өкілі көп шоғырланғанын бәріміз білеміз. Осы күнге дейін ымыра-бірлікте өңіріміздің дамуы мен халықтың

татулығы жолында қоян-қолтық жұмыстар иегерілуде. Қасиетті де, берекелі қазақ жері көпұлтты халқымен мақтанып, әлемге үлгі болып көшбастауда. Бірлік бар жерде талай жетістікке жетерін тереңнен түсінген өзге ұлт өкілдері жаңа Қазақстанның болашағы зор екеніне еш күмән келтірмейді.

Ізтөлеу ТҮСІПОВ,
Ұлытау облысы
ақпараттық-түсіндіру
тобының мүшесі

ЕСТЕЛІК

ШАРАПАТЫ МОЛ
ЖАҚСЫМ ЕДІ...

Қазақстан халқының денсаулығын сақтау жолында қажырлы еңбек еткен академик, ғалым, Мемлекеттік сыйлықтың иегері болған Төрегелді Шармановтың есімі ел есінде мәңгі сақталады. Алматыға барған сайын Күлзия жеңгем құрақ ұшып қарсы алып, «Елден Төкеңнің қарындасы келді» деп игі жақсылардың басын қосып отырушы еді. Осылай сыйласқан қымбатты жандардан айырылғаным жаныма қатты батты.

Бала Төрегелді ата-анасына жәрдемдесіп, сүтасыды, отын жарды, үй жинады, сабағын жақсы оқып, орта мектепті үздік аяқтайды. 1946 жылы өкпесі қабынған қарындасын дәрменсіз ауыл дәрігерлері ажалдан арашалай алмайды. Өшпес өкініш оның дәрігерлік жолды таңдауына себепші болады. Баласының мұндай ұйғарымына ата-ана қарсы болмапты. Алматы медицина институтына қабылданған көкем бір жылдан кейін жаңадан ашылған Қарағанды медицина институтына ауысады. Диплом алып, аспирантурасын да аяқтаған жас маман туған ауылына ақылына көркі сай жан-жарымен қолұстасып, екеу болып оралады. Институт қабырғасында жақсы оқып, бірі кәсіподақ, бірі жастар жетекшісі болып көзге түскен дарынды жастарға қалада қалу ұсынылғанмен, олар туған ауылдың денсаулық саласын көтеруді мақсат етеді. Төрегелді көкем 1957 жылы қыркүйек айында отбасымен көшіп келіп, 9 мың халқы бар Ұлытау ауданының орталық ауруханасының бас дәрігері қызметіне кіріседі. Мен ол кезде жетінші сыныпта оқитынмын. Ауылда болып жатқан өзгерістерді өкем Рақымжаннан естіп отырушы едім. Жас маман келісімен аурухананың жөндеу жұмысын бастайды, сырқаттарды қабылдайтын бөлме ашады. Келер жылы батарея орнатып, отты бір жерден жағатын жағдай жасайды. Қыстың аязында, жаздың аптап ыстығында ауруханаға екі шақырым жүріп бару сырқаттарға да, қызметкерлерге де оңай соқпайтын. Көкем облыс, аудан басшыларын мазалап жүріп, жедел жәрдем көлігіне қол жеткізді. Ауруханаға электр тоғы өшкен жағдайда қосатын қосымша жылжымалы тоқ орнатты. Аудан орталығынан емхана да ашылды. Рентген аппаратын қою да ауыл үшін үлкен жаңалық еді. Алматы қаласындағы Өлкелік



патология институтынан 40 дәрігер шақыртып, еңбектеген баладан еңкейген қарияға дейін денсаулықтарын тексертті. Әсіресе, бруцеллез, туберкулез ауруларын анықтап, емдегендерін емдеп, асқынғандарын қалаға емдеуге жіберді. Төрегелді көкемнен сәл кейін келген хирург Тайшын Әбдіразақов екеуі ауылдарды аралап жүріп, толғағы қысқан, жағдайы төмендеп, тасымалдауға жарамайтын екіқабат әйелге киіз үйде Кесарева тілігімен операция жасап, ана мен баланы аман сақтап қалады. Дәрігерлердің осындай жанкешті ерліктерін ауылдағылар күні бүгінге дейін аңыз етіп айтады. Бас дәрігерлік жұмысындағы ерен еңбегі үшін Кеңес Одағы бойынша бірнеше дәрігердің қатарында «Ерен еңбегі үшін» медалі табысталыпты.

1961 жылы наурыз айында Өлкелік патология институтының шақыруымен Алматыға ата-анасымен бірге көшіп, денсаулық сақтау саласындағы қызметте өрлей бастады. Қанша биікке көтерілсе де туған ауылына қол ұшын беріп отырды. Бір кездері Ұлытау тас жолында автобус өртеніп, қайғылы жағдай орын алған еді. Қабырғасы қайысқан Төрегелді Шарманұлы күйікке қарсы дәріні шетелден алдыртты. Тоқсаныншы жылдары орталық ауруханаға бірнеше мәрте компьютер, 300-400 мыңның дәрілерін жіберіп, жәрдемдесіп тұрды. Лейкоз сырқатына

шалдыққан балалардың еміне жолданған қаржылар да айтарлықтай мол болды. Күлзия жеңгем де дәрігер болатын. Рентгенолог қызметіне кіріскен ол балалардың денсаулығын қатты қадағалады. Аурудың алдын алу мақсатында екпе түрлерін көбейтіп, уақытылы қабылдануын қадағалап отырды. Қос аққудай жарасқан көкем мен жеңгем ауылда болған аз уақыттың ішінде біліктіліктерімен қатар, мәдениеттілігімен, киім киюдегі әдемі үлгілерімен, басқосқан жиында жарасымды билерімен үлгі бола білді. Жеңгеміздің тілерсектен түскен қос бұрымына, бояусыз ажарлы келбетіне қызығатынбыз. Ибалы келін ата-енесінің, туған туыстардың бабын тауып, көңілдерінен шыға білді. Екі жастың арасындағы сүйіспеншілік, сыйластық қырағы көз қариялардың назарынан тыс қалмады. Сыншыл қариялар «Жастар бір-бірін осылай қадірлеуі керек» деп, көкем мен жеңгемді жастарға үлгі ететін. Күлзия жеңгем өмір бойы көкемнің жағдайын жасап, қиындықта демеу, жақсылықта қуанышын бөлісіп, азаматының қадір-қасиетін мемлекет мәртебесіне ұластыра берген асыл жан еді. Көпке шапағаты тиген, сырласым, жанашырым, арқа сүйер қамқорым болған асыл жандардың жарқын бейнесі жүрегімде мәңгі сақталады.

Ғайни БАЗАРБАЕВА,
денсаулық сақтау саласының ардагері.

«СӨЗ МАРЖАН» COLLABORATION FEST

ӘУЛИЕТАУ

Құдыретіңнен айналайын киелім,
Топырағына хан, әулиелер
сүйегін
Сақтап қойған қасиетті,
паң далам,
Балаң сені тарихыңмен сүйеді.

Естігенім ұстазымнан құлақ сап,
Деген сәтте дүниеде тұр ақсап
Мейірім мен нұр шапағы,
кеңшілік,
Сенен тапқан тіршілігін құрақ сап.

Әулиетауым «Ата тау»
боп атанған,
Пайда болды таулар
жоқта қатарда.
Дүниені жайлағанда сұр түнек,
Тау боп өнді нұр шапақтан
бата алған.

Содан бері Әулиетау боп тарады,
Маңайына Жаратқан құп
қарады.
Тіршіліктің көзі боп аумағына,
Бұлақ берді ер тұстан
көп салалы.

Бақыт тапты барлығы етегінен,
Адалдықтың ерді де жетегінен.
Пана болды қашқанға, қуғанға да,
Баламады ешкімді бөтеніне.

Әулиетауда туғандар дара
болды,
Кесірліктен таңдады ада жолды.
Ұлылардың басталып жолы
содан,
Білім, ғылым, тәлімді сана қонды.

Содан бері Әулиетау ұлы болды,
Ұлытаудан шыққанның
жолы болды.
Қасиетін білетін хандар келіп,
Тұрақтатты әдейі көші-қонды.

Аңыздың да болады бір
шындығы,
Түріліп ішіндегі мұң түндігі,
Талайлар Әулиетаудан
қуаттанып,
Күш берді деп айтады
жел сыңғыры.



Еске алумен аңызды жиі есіне,
Ұлытаудың ел сенер киесіне.
Дәл қазақтың басына біткені үшін,
Шүкір айтып Жаратқан иесіне.

АДАМ ЖӘНЕ ӨНЕР

Ертеректе сал-серілер, ақындар,
Көңіл-күйін көтеретін халықтың.
Ел аралап, халыққа да жақындар,
Деп айнапайтын ешкім
әннен жалықтым.

Құрманғазы, Тәттімбеттей
күйшілер
Сырлы сазбен елге болды
ұнамды.
Бермен келе әнші, сазгер,
бишілер,
Еуропаға қазақ атын шығарды.

Кешегіден бүгінге жалғасып,
Өнеріміз өрге жүзіп келеді.
Қанша заман өтсе дағы алмасып,
Сан өнерім тарихтарға енеді.

Айтыс, терме мұра болған
күй, өнім,
Күні бүгін төл өнерім елімде.
Ұмытпаймын бәрін бойға
жиямын,
Жырға қосам тіпті кәрі кезімде.

Анық білем, жалғасады өнерім,
Мәңгі бақи, қазақ-қазақ болғанша.
Өнеріммен өркендеймін өнемің,
Адам жерде адам болып
қалғанша.

Мерей МАРПАТ,
«Б.Момышұлы атындағы мектеп-гимназиясы»
КММ-нің 6 «А» сынып оқушысы.
Жетекшісі: Тойлыбаева Ардақ
Сәтбаев қаласы

МЕН ПАТРИОТ БАЛАМЫН!

Қолға қалам аламын,
Сөз маржанын жазамын.
Ел ертеңін ойлайтын,
Мен - патриот баламын!

Ақтап үміт сенімін,
Көтерем туын елімнің.
Үлесімді қосамын,
Дамуына туған жерімнің!

Сусындап әдебиетіммен,
Марқайып мәдениетіммен,
Сақтаймын салт-дәстүрімізді,
Бар ғажап, ғанибетіммен.

Бабалар жолын жалғаймын,
Биікке тек самғаймын!
Балалық жүрек жырымды,
Отаныма арнаймын.



Әсия БОЛАТ,
С.Сейфуллин атындағы гимназиясы КММ-нің
2 «А» сынып оқушысы.
Жетекшісі: Наурызбаева Сандуғаш
Сәтбаев қаласы

ДИДАРҒАЙЫП

БІР АУЫЗ СӨЗ. «Туған ай тураған етпен бірдей» екенін тағы да айғақтап арада бір жыл өте шығыпты. Яхия Асатов ағамыздың дүниеден көшкеніне көзді –ашып жұмғанша жыл толып қалыпты. Бәрі де кеше ғана сияқты сезіледі.. Аға-іні болып сыйласып жүргеніміз ... Сыртқа сездірмесек те, іштей үгіліп тұрып, «қош» дегеніміз... Өйткені, ол арқа сүйеген Тауымыз еді. Яхия аға өмірден өткенде Таудың құлағанын көргендей көңіл-күйді бастан өткергенбіз. Бәрі-бәрі кеше ғана еді ғой.

Энергетика саласындағы ол кісінің еңбегі елінің есінде. Ағамыз негізі ақын еді. Арагидік газет беттеріне жарияланып қалатыны болмаса, жазған өлеңжырларын кітапқа айналдыруды қолға ала қоймаған екен. Дәмінің таусылатын шағын сезді ме екен, өмірден өтерінен сәл ғана бұрын ақын інісі Мұса Тілеуовті шақырып алып, «мына дүниелерді қарап көрші» деген көрінеді. Аманатқа адалдығынан айнымаған Мүсекең ағасынан қалған дүниені баспаға әзірлеп берді. Қала әкімі Мұрат Бөрібаев алғысөзін жазған Яхия Асатовтың «Дариға –Дәурен» кітабы Алматы қаласындағы «Принт плюс» баспасынан басылып шықты, оқырмандар қолына тиді.

2024 жылғы 21 қыркүйекте, сағат 10.30-да Сәтбаев қаласындағы Абай атындағы №4-лицей-мектебінде кітаптың тұсаукесері болады. Соңынан «Керемет» мейрамханасында Яхия аға Асатовтың рухына Құран бағышталады.

Жатқан жерің - жарық, жүрген жерің - жұмақ болсын, Аға!

Інің – Абдолла.



Яхия АСАТОВ: «АҚ КӨҢІЛ САЛДЫРЛАҒАН ЖАНЫМ МЕНІҢ»

АТАМЕКЕН

Жиналған туысқандар шартараптан,
Туған жер – алдарында мынау жатқан.
Кішітау қойнауында отырсыздар,
Төсінен «Жалтыр» бұлақ ағып жатқан.

Ел едік Кішітауды мекендеген,
Қиырдан көп қуаныш жетелеген.
Тоқтамыс, Кенесары заманында,
Армандап осы жерге жетем деген!

Сол жақта Керегетас сілемдері,
Кенге бай, темір шыққан күрең бөлі.
Бабалар болса тастап кетпес еді,
Бір жағы Кішітаумен беттес еді.
Қалмақтың қанын судай сарқыратқан,
Бір жағы Қантөбемен шектеседі.

Таулардан мөлдір бұлақ жосылады,
Бәрі кеп «Шығырлыға» қосылады.
Дегендей «Көп түкірсе көл болады»,
Өзені Жыланшықтың осы бәрі.

Айбас би, Жомарт, Шәлтік тұрақтары,
Сәдір мен Асат, Масат тұр аттары.
Қырық құдық, Тасбұлақ пен Қарасақал,
Нәр берген бұл өмірдің бұлақтары.

Бәйгеде тілек артар атқа сынды,
Мақтамай кете алмаймын Ақтасымды.
Кені бар бүкіл әлем таңқалатын,
Мұндай жоқ жер жүзінде, басқасында.

Қара жол Атбасардың мынау жатқан,
Кезінде бабаларым кіре тартқан.
Қойнауын Кішітаудың мекен етіп,
Сан жетпес мыңғырлатып

малын баққан.

Бабалар сан жауына төтеп берген,
Намысын ел алдында өтеп келген.
Ұрпағы ұлы баба армысыздар?
Еске алып атажұртқа көшіп келген!

Аманат бабалардан баласына,
Ұрпағы мақтанады даласына.
Басына Күйкентайдың бақыт қонса,
Самұрық қызмет қылар панасында.
Атыңнан айналайын, Кішітауым,
Киелі мекен болған сан асылға!

Басқосу, туысқандар, құтты болсын!
Қойыны Кішітаудың тойға толсын!
Бақ қонып, Қыдыр дарып әрқайсыңа,
Жас ұрпақ көңілінде арман болсын!

ҰЛЫТАУ

Ұлт ұясы Ұлытау – бар мақтаным,
Өр тасыңды жауһардай ардақтадым.
Кешегі өткен бабалар заманында,
Ақтарсаңдар тарих парақтарын.

Елді, жерді бермеген дұшпандарға,
Ерлік, бірлік қазақы ұстамдарда.
Бабаларым ойлаған елдің қамын,
Көз жүгіртіп қырандай жан-жақтарға.

Ертағы мен Кертағы арманым-ай,
Бүкіл Түркі Астана салғанындай.
Бас қосуын өткізген Ұлытауда,
Өр шешімі өмірдің салмағындай.

Осы жерде Жошы, Алаш дамылдаған,
Асан қайғы, Едіге, Тоқтамыс хан.
Өтеп, Төлек ұрпағы Сандыбайдан,
Дүзен, Ерден сияқты батыр бабам.

Ұлытау – ұлт ұясы мынау жатқан,
Жалпақ ел Ер Төлекке сенім артқан.
Сұлудың қос-қос болған бұрымындай,
Қос Кеңгір Сарыарқада ағып жатқан.

Кейінгі үлгі болсын жастарыма,
Зор бақыт мен тілеймін бастарына.
Аруағы қолдап жүрсін бабалардың,
Бақ пенен Қыдыр келіп қастарыңа.

КӨҢІЛ ТАМШЫЛАРЫ

Өмір өтіп барады,
Кейде құлап, бір тұрып.
Күндер өтіп барады,
Кейде жылап, бір күліп.

Мұңайғым менің келмейді,
Құнағанмен тіршілік.
Жаманды көрсем болғаны,
Кетеді жаным түршігіп.

Көп болғанмен көргенім,
Тірі боп жүріп өлгенмін.
Нашарды демей – әдетім,
Тисе деп менің көмегім.

Қорқаудың түссең қолына,
Жылдам кет, үнсіз түк демей.
Қарсы шықсаң болғаны,
Шайнамай жұтар бүктемей.

Құр бекерге болар ма өкпелеген,
Кісі арын бабамыз төкпе деген.
Кейбіреудің құр беті жылтырайды,
Хром етік секілді шөткелеген.

Кейбіреуді жаратқан жарым қылып,
Кейбіреуге жарасар дарындылық.
Кейбіреулер меніреу болғанымен,
Кейбіреулер тұрады бәрін біліп.

Ірілерді заман ба майда еткен?
Тектілер де сырғыды-ау алғы шептен.
Ел бірлігін ойлайтын данышпандар,
Ұлы жүрек адамдар қайда кеткен?!

Жақсы адам көрсем шаттана,
Жадырап кетем тоқтамай.
От болып жанған жұмыста,
Күл болып кету оп-оңай.

Жағдай да болар күтпеген,
Жұмысын атқар жүктеген.
Жала жауып жүрмесін,
Піл шығарып нүктеден.

Жауларым шықса автоматпен атқылап,
Қылышпен турап кетсе де
мені шапқылап.
Зеңбірек пен танкілер маған түк емес,
Тиеді маған қазақтың сөзі қаттырақ!

Тыңдасаң, айтып көрсін ағаң толғам,
Өмірді саралашы етіп болжам.
Бала мен отбасының бақыты үшін,
Таймашы, айналайын, салған жолдан!

Бұл өмірге шамасы қанық атым,
Кездерім көп жаситын, қамығатын.
Көп жолдастың ішінде, қиындықта,
Достар аз ауызға су тамызатын...

Ойсызға өмір бәрібір,
Өтеді де кетеді.
Кемедегінің жаны бір,
Достыққа не жетеді?!

Тайтың-түйтің етеді тобырдағы,
Отардағы қойшының соқыр лағы.
Ғажайыбын ұғатын жарық күннің,
Топастардың болмайды ой-арманы.

Ақ көңіл салдырлаған жаным менің!
Еркелеп, назымды айтар сәнім менің!
Көргенде қуаныштан үзілетін,
Елжіреп иіп кетер тәнім менің!
Қайдасың, қайда жүрсің,
жаным менің?!

Сүйемін сені, сүйгендей шексіз даланы,
Кездеспей қалсам жүрегім
менің жаралы.
Таң шолпан болып көрінсең
сонау қияқтан,
Еседі сонда махаббат таңның самалы!

Айналайын бойыңнан, тұмарыңнан,
Жете алмадым арманға, құмарымнан.
Жүрек сыздап барады, жүрек сыздап,
Аққудаймын айырылған сыңарымнан.

Арсыздар көп жүретін араздасып,
Арыз жазып, әр жерге қағаз тасып.
Аққа қара, жақсыға жала жауып,
Бұ жалғаннан баз кешкен жағаласып.

Асылдардың шектеусіз адалдығы,
Кейбіреудің өлшеусіз арамдығы.
Қатар қойсаң қалайша жарасады,
Түкке тұрмас топастың надандығы...

«АҚ ЖОЛДЫҢ» ҮНІ БӘСЕҢДЕМЕЙДІ

«Ақ жол» демократиялық партиясы бүгінде Парламентте, мәслихаттарда депутаттары бар елеулі саяси күшке ие болып отыр. Партияның біздің облыстағы өкілдігі де өзіндік іс-шараларымен біршама көрініп жүр. Осы партияның белсенді мүшелерінің бірі, Ұлытау облыстық мәслихатының депутаты Бекзат ДАЙРАБАЙҰЛЫНА жолығып, партияның қазіргі тынысына қатысты бірер сауал қойған едік.

- Бекзат, ұмытпасам өткен сайлауда облыстық мәслихат депутаттығына «Ақ жол» партиясы арқылы ұсынылып, халықтың оң ықыласымен сайландың. Сайлау кезінде дүбірі анық естілген осы саяси партияның қазірде үні бәсеңсіп, жұмысы саябырсып қалған жоқ па? Партия мүшесі ретінде ұйымның қазіргі жұмысына өзіңіз қандай баға бересіз?

– Ия, мен 2022 жылғы сайлауда «Ақ жол» партиясының тізімімен додаға түсіп, 8-ші шақырылымдағы облыстық мәслихатқа депутат болып сайландым. Қоғамдық бірлестіктің жарғысында атап көрсетілгендей, партияның негізгі мақсаты – тәуелсіз, гүлденген, демократиялық және азат Қазақстанда әрбір азаматтың лайықты өмір сүруін қамтамасыз ету екені белгілі. Партиямыздың негізгі екі ұстанымы бар. Олар: Кәсіпкерлікті қолдау және Алаш партиясының идеологиясы мен ұстанымын насихаттап, іске асыру. «Ақ жол» партиясының мемлекетіміздің басқа да мәселелерін шешудегі белсенділігі мықты. Өз басым партияның үні «бәсеңсіді» деп айта алмаймын. Айналысып жатқан жұмыстар, көтеріп жатқан мәселелер баршылық.

- Партияның облыстық филиалының күш-қуаты қандай, яғни осы өңірдегі негізгі жұмыстары туралы

не айтуға болады?

– Атап айтқанда, менің сайлауалды бағдарламамдағы негізгі бағытым «Ұлытау облысының экологиялық мәселесі» болса, кәсіпкерлікті қолдау, ұлттық идеологияны қалыптастыру және облысымыздың күрделі мәселелерін шешу де бағдарламамда қамтылған. Мәселен, 2021 жылы Қарағанды облысы құрамында болғанда, мен Жезқазған қаласының Қоғамдық кеңесінің мүшесі, артынша төрағасы болып, аймағымыздың экологиялық мәселелерін шешуде біршама істерге ықпал жасаған едім. Оның негізгісін айтар болсақ, Қоғамдық кеңестің ұсынысымен кейіннен құрылған Ұлытау облысының әкімдігіне мемлекеттік тапсырыспен «Ұлытау ауданын экологиялық апатты аймақ» деп танылуы үшін, зерттеу жұмыстарын жүргізуге, бюджеттен 440 млн. теңге шамасында қаражат бөліңдіріттік. Қазіргі таңда 19 айға жоспарланған экологиялық зерттеулер жүргізіліп, оның 17 айы артта қалды. Толық зерттелгеннен кейін, өзім мүшелігінде болған облыстық экологиялық комиссия тарапынан зерттеу нәтижелері Үкіметке, Экология министрлігіне жіберілді. Осы зерттеу жұмыстарының нәтижесі аймағымыздың экологиялық ахуалын шынайы айқындап, түйінді мәселелерін шешуге әсерін тигізуге тиіс деп үміттенемін.



Сонымен қатар «Ақ жол» партиясының бағдарламасы аясында менің және әріптестерімнің ұсынысымен облыс аумағындағы кәсіпкерлерді қолдау мақсатында «Кәсіп Демеу» ҚБ ашылып, өз жұмысын атқаруда. Кәсіпкерлердің жұмыстарына билік пен монополистер тарапынан келтірілетін кедергілерді шешуді қолға алдық. Сондай-ақ, облысымызда тіл мен мәдениетті көтеріп, ұлттық идеологияны насихаттау аясында да біршама істер атқарылуда. Жастардың рухы мен сауатын көтеретін «JezQanat» әдеби-мәдени оқырмандар клубын аштық. Кітап оқу мәдениетін ұлықтап, студенттер мен зиялы қауымның білім ошақтарында кездесулерін ұйымдастырып келеміз. Танымал жазушылар мен тұлғалардың еңбектерінің тұсау-серлерін жасап жүрміз.

Тағы бір мәселе, 2021 жылдан бері, Ұлытау облысының 138 шаруа қожалығы АКК-дан (Агрокредиттік корпорация)

несиелерін алуға, кепілдікке қойылған мүліктерін ала алмай жүрген еді. Бұл мәселені де менің ұсынысыммен, партия төрағасы Азат Тұрлыбекұлы Астана қаласындағы «Ақ жол» демпартиясының орталық кеңсесінде, АКК басшылары мен Ауыл шаруашылығы вице-министрімен және Мәжіліс депутаттарымен кездесу ұйымдастырып талқылады. Соның нәтижесінде мәселені медиативтік келісімге келтіріп, шаруа қожалықтардағы кепілдік иелері қазіргі таңда сот арқылы өз кепілдіктерін босату алдында тұр. Сот толықтай рақымшылық жасамаса да, кепілдіктерін 100% төлегендер мәселелерін біртіндеп шешіп жатыр.

- Осы күні кеше ғана, Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі қоғамдық кеңесінің төрағасы болып сайланғаныңды естіп жатырмыз. Құтты болсын! Бұл қоғамдық ұйым нақты немен айналысады?

– Жақында ҚР Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Ұлытау облысындағы филиалы аясында құрылған Қоғамдық кеңестің мүшелерінің басымдылық дауысымен төрағасы болып сайландым. Айта кетерім, бұл кеңестің мүшелігінде бір жылға жуық қызмет атқардым. Менің ұсынысыммен жиналыс ұйымдастырылып, облысымыздағы автогаз тапшылығын ретке келтірдік. 2023 жылдың желтоқсан айына дейін, Энергетика министрлігінен тұрақты түрде 350 тонна газ бөлінетін. Ол біздің өңірге жеткіліксіз болатын. Осы мәселені көтеру арқылы қазіргі таңда 540 тоннаға дейін газ бөлінетін болды. Алда да кәсіпкерлік бағытындағы бәсекелестік ахуалды реттеу жөніндегі жұмыстар жалғаса бермекші.

**Әңгімелескен
Амандық РАХҰЛЫ**

БІРЛІК ТУРАЛЫ ӘПСАНА

«Ақ жол» демократиялық партиясы бүгінде Парламентте, мәслихаттарда депутаттары бар елеулі саяси күшке ие болып отыр. Партияның біздің облыстағы өкілдігі де өзіндік іс-шараларымен біршама көрініп жүр. Осы партияның белсенді мүшелерінің бірі, Ұлытау облыстық мәслихатының депутаты Бекзат ДАЙРАБАЙҰЛЫНА жолығып, партияның қазіргі тынысына қатысты бірер сауал қойған едік.

Ал атақты Бұқар жырау бабамыз, алты Алаштың баласын береке-бірлікке шақырып: «Айнала алмай ат өлсін, Айыра алмай жат өлсін, Жат бойынан түңілсін, Бәріңіз бір ененен туғандай болыңыз!», – деп толғаса, шығыс халықтары көп айтатын: «Бірлігі мығым сауысқан – бұғы аулайды», деген тәмсілдің де маңызы зор.

Жалпы, кез келген қоғам бірлік пен берекеге тоқтайды. Қазақтың үлкен қаламгері Әбіш Кекілбайұлы: «Құдайдың өзі берекесі бекем, бірлігі мығым қауымға алдымен көмектеседі», деген терең пайымын білген соң, сезген соң айтқаны анық. Яғни бірлік пен береке – біздің басты құндылығымыз. Бұл – біз үшін алтыннан да қымбат қазына. Ел іргесі бүтін, шаңырағы биік, керегесі кең болуы еліміздегі татулық пен достықтың шынайы көрінісі екені шындық. Осы татулық пен тұрақтылық мәңгі салтанат құрсын десек, бәріміз бір атаның баласындай тату-тәтті өмір сүруіміз керек.

Осы орайда бірлік пен берекенің қадірін әйгілеп, бұл құндылықтар жоғалған жерде қауымның хал-ахуалы қалай боларын, қандай күйге душар бо-

ларын аңыз арқылы түсіндіретін мына бір бірлік туралы әпсанасын ұсынып отырмыз.

Ертеде салқар жазиралы, кең алқапта бір қауым өмір сүріпті. Алқап үлкен таулармен қоршалған. Ол тауларға қар немесе жаңбыр жауып, таза судан құралған өзендер ағады. Қауым осы өзеннің суын ішіп, тамақтарын даярлап, малдарын да, егіндерін де осы сумен суарады. Тап-таза суды қолданған қауымның қуаты асып, онда әртүрлі ауру-індеттер болмайды.

Таза судан нәр алған қауымның қуаты артық екенін білетін көршілері олардан сескеніп, құрметтеп, шабуыл жасауды тіпті жоспарламайды да. Сондықтан да қауым таза, тұнық-мөлдір суды өмірлерінің мәні деп біліп, ешқашан лас нәрсе тастамайды екен.

Уақыт өтіп, ұрпақ алмасып, жаңа буын өздерінің бабалары қалдырып кеткен өсиеттерін ұмыта бастайды. Өсиетті сақтап, алып жүрушілер барған сайын азая береді. Кейін осы қауымның бір өкілі өзінің салақтығынан немесе ұмытшақтығынан таза өзенге бір лас затты тастай салады. Өрі оған ешкім тыйым салмайды. Сөйтіп, қауымда өзенге

лас зат тастайтын әдет қалыптасады. Өзен ластануы осылай басталады.

Күн өткен сайын адамдар өзенге қоқыс, өлексе, лас нәрселерді тіпті өздерінің нәжістерін де тастай бастайды. Бір сөзбен айтқанда, әлгі тап-таза мөлдір су күресінге айналып тынады. Бірақ таңғаларлық жағдай әлгі қауым лас өзеннен су алып іше береді. Осы судан тамақ даярлайды, малын суарады, егін-не су жібереді.

Өмір осылай жалғаса береді. Ақырында арам су ішкен қауым арасында жұқпалы індет тарайды. Халқын ауру-сырқау меңдейді. Өрі олардың осындай ауру-сырқауға ұшыраған әлсіздігін білген көршілері шабуыл жасайды. Бағындырып алады. Қауым көрші тайпаның күшті болғанынан емес, өздерінің әлсіздігінен жеңіледі. Билікті қолына алған басқыншылар (отарлаушылар) қауымды қорлайды. Жер-су аттарын өзгертеді. Ана тілінде сөйлеуге тыйым салады. Басқыншылардың тілінде сөйлеп, солардың дәстүрімен өмір сүруін талап етеді.

Күндердің бір күнінде жеңілген қауымның адамдары жиналып бұл

қалға қалай жеткенін, неден болғанын талқыламаққа бас қосады. Баяғыдағыдай ел болуды аңсайды. Сөйтіп, жиын басталады. Жастар «Бізді мұндай күйге ұшыратқан көршілер олармен соғысуымыз керек», дейді. Орта жастағылар «Біз олармен соғыса алмаймыз, өйткені, жаппай ауруға шалдықтық әрі әлсізбіз. Емделуіміз керек, дәрі-дәрмек қабылдауымыз керек. Сақайып алайық, қалғанын сосын көреміз», дейді.

Соңында дана хакімдерден құрылған үшінші топ: «Біз олармен өзіміздің әлсіздігімізден соғыса алмаймыз. Бізге дәрі ішудің де пайдасы жоқ. Өйткені ауруымыздың себебі өзіміздің ластанған өзенімізден болды. Өзенімізді тазаламайынша жазылмаймыз. Себебі біз ішетін асымызды даярлайтын, малдарымыз бен егіндерімізді суаратын өзен арам. Сол суды ішкен малымыздың сүті мен еті арамдалды, өзенді тазаласақ қана бабаларымызда болған күш пен қуат қайта оралады», дейді.

Бұдан не түйеміз? Өзен дегеніміз – біздің бірлігіміз. Бірлікті бұзатын не, ол – берекесіздік. Берекесіз әрекеттер көбейсе, бірлік әлсірейді, жүректегі адамгершілік жоғалады. Бұл қасиетін жоғалқан қауымды кім көрінген жаулап алады. Мұндай қауымға ешкім көмектеспейді де.

**Бекен ҚАЙРАТҰЛЫ,
«Egemen Qazaqstan»,
1 Маусым, 2023 жыл.**

► ТАЗАЛЫҚҚА ТАЛПЫН!

**ҚОҚЫСТАН ТӨНЕР
ҚАУІП КӨП...**

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушы 2020 жылғы 25 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-331/2020 бұйрығымен бекітілген «Өндіріс және тұтыну қалдықтарын жинауға, пайдалануға, қолдануға, залалсыздандыруға, тасымалдауға, сақтауға және көмуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларына сәйкес, елді мекендер аумағында қалдықтарды жинау, пайдалану, қолдану, залалсыздандыру, тасымалдау, сақтау және көмуді мамандандырылған ұйымдар жүзеге асырады.

Шағын елді мекендерде ҚТҚ жинау, шығару және көму орындарын күтіп-ұстау бойынша мамандандырылған ұйымдар болмаған жағдайда жергілікті атқарушы орган қызметінің бақылауымен және қызмет көрсетуімен қалдықтарды өз бетімен шығаратын орындар ұйымдастырылады.

Елді мекендерде (тұрғын үй қорының, ұйымдардың, мәдени-бұқаралық мекемелердің, демалыс аймақтары аумақтарында) көлік кіретін жерлері бар, қалдықтарды жинауға арналған контейнерлерді орналастыру үшін арнайы алаңдар бөлінеді. Алаңға қатты жабын жабылады және үш жағынан қалдықтардың желмен таралу мүмкіндігін болдырмайтын биіктікте, бірақ кемінде 1,5 м биіктікте қоршайды.

ҚТҚ-ны жинау үшін абаттандырылған тұрғын үй қорында контейнерлерді қолданады, жеке үй иеліктерінде қақпағы бар еркін конструкциядағы ыдыстарды пайдалануға жол беріледі.

Субъект (ҚТҚ контейнерлерінің меншік иесі) контейнерлерді пайдаланатын халықтың санына, қалдықтардың жиналу нормаларына, олардың сақталу мерзіміне байланысты орнатылатын контейнерлердің санына жүргізілген есептеуді ескере отырып орналастырады. Контейнерлердің есепті көлемі қалдықтардың іс жүзінде жиналуына сәйкес келеді.

ҚТҚ-ны шығару уақыты жүзеге асырылады. Контейнерлерде қалдықтарды сақтау мерзімі 0°C және одан төмен температурада үш тәуліктен, температура плюс болғанда бір тәуліктен аспайды.

Қалдықтар – қоршаған ортаны ластайтын көздердің бірі. Жыл сайын әлемдегі өндірістерден шамамен 1 миллиард, тұрмыстан 14 миллион тонна қалдық шығарылады. Бұл көлемі мен зияндылығы жөнінен өте күрделі. Ал әрбір отбасыдан бір адам тәулігіне 1,5 килограмм қоқыс шығарады. Олар желмен, сумен ауаға топыраққа тарап, қоршаған ортаға зиян келтіреді. Тіпті тұрмыстық қалдықтардың көл мен өзендерге шығарылатыны белгілі. Мәселен пластикалық заттар мен пластмасса бұйымдарын өртеген жағдайда ауаға зиянды көміртек оксидтері бөлінеді. Мұндай заттардың жойылуы да ұзақ. Зиянды қалдықтардың шектен тыс мөлшері бүкіл адамзатқа, қоршаған ортаға зиянын тигізеді. Жер бетіндегі зиянды заттардың жинақталған массасы топырақ жамылғысына, өсімдіктерге, жерүсті және жер асты суларына жағымсыз әсерін



тигізеді. Қоқыстар жанған кезде атмосфераға өте көп улы заттар бөлініп, тыныс жүйесі аурулары мен репродуктивті және иммундық жүйелердің ауытқуларына әкеліп соғуы мүмкін. Қалдықтар зиянды және қауіпті заттарымен қоршаған табиғи ортаны ластаудың негізгі көзі болып табылады. Өндіру мен тұтыну қалдықтарының жинақталуы елдің экологиялық қауіпсіздігіне зиян әкелетін негізгі факторлардың бірі. Қалдықтарды жинау жүйесі қоғамның, елдің тұрақты дамуына, әлеуметтік-экономикалық өсіп-өркендеуіне өзіндік үлес қосады. Жеке мен көпқабатты тұрғын үйлер тұрғындары қалдықты талаптарға сәйкес өздерінің үйлерінің алдында орналасқан немесе белгілі жерге ашылған контейнерлерге жинайды.

Блоктың құрылыс аумағында арнайы қоқыстарды жинайтын автокөліктер үшін подъездерге қолайлы контейнерлерді орналастыру үшін арнайы алаңдар бөлінуі қажет. Алаңның құрылыстан арақашықтығы 25 м, сондай-ақ 100м-ден аспау керек. Көпқабатты тұрғын үй маңында арнайы стандартты металл контейнерлерін орнатылады, ал жекеменшік үйлерде ағаш немесе металл жинақтарын пайдалануға жол берілген. Қойылған контейнерлер саны пайдаланатын тұрғын саны және бір тұрғынның шығарған қалдық көлемімен анықталады.

Жазғы уақыт кезінде металл контейнерлерді қалдықтардан тазарту үшін және дезинфекциялауды 10 күнде 1 рет жүргізу керек. Контейнерден немесе құл-қоқыс тасымалдайтын арнайы автокөліктен екінші реттік шикізатты (мата, бетелке, пластмасса ыдыстары) таңдап алуға рұқсат етілмейді.

Сол себепті тұрмыстық қалдықтардың тиісті орындарға жеткізіліп, ашықтан-ашық шашылып жатпауына өз үлесімізді қосайық. Адамзатқа қажетті табиғи тарихи қалыптасқан тіршілік ортаны таза сақтайық.

«Сәтбаев қалалық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы» РММ-і.

► ЗАҢ НЕ ДЕЙДІ?

**ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ
БОЛМАСЫН**

Тұрмыстық зорлық-зомбылық үшін жазаны күшейту аясында, 2024 жылғы 15 сәуірдегі № 72-VIII «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әйелдердің құқықтары мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң қабылданып, ағымдағы жылдың 16 маусымында заңды күшіне енді.

Аталған Заңға сәйкес, қолданыстағы Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі (бұдан әрі - ҚК) «108-1-бап. Денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіру», «109-1-бап. Ұрып-соғу» деген баптармен толықтырылды. Бұған дейін денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіру және ұрып-соғу әрекеттері әкімшілік құқық бұзушылық болып саналған. ҚК-не енгізілген өзгерістерге дейін, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің (бұдан әрі - ӘҚБтК) 73-1-бабы 1-1-бөлігіне сәйкес, құқық бұзушымен отбасылық-тұрмыстық қатынастарда тұратын адамға қатысты денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіру үшін, ескерту немесе 15 тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алу түріндегі әкімшілік жазалар көзделген болатын. ҚК-нің жаңа 108-1-бабының 1-бөлігінің санкциясына сәйкес, денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіргені үшін кінәлі тұлға 200 АЕК дейінгі мөлшерде айыппұл төлейді не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, не 200 сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартылады, не 50 тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алынады. ҚК-нің 109-1-бабы 1-бөлігінің санкциясына сәйкес, ұрып-соғу, яғни тән ауруына ұшыратқан, бірақ денсаулыққа жеңіл зиян келтіруге алып келмеген ұрып-соғу немесе өзге де зорлық-зомбылық әрекеттері үшін 80 АЕК дейінгі мөлшерде айыппұл салу не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, не 80 сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тарту, не 25 тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алу жазалары көзделген. Өзгеріс енгі-

зілгенге дейін, ұрып-соғу үшін ӘҚБтК-нің 73-2-бабының 1-бөлігі бойынша 10 АЕК мөлшерінде айыппұл салуға не 10 тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға түріндегі әкімшілік жазалары көзделген болатын. Демек қабылданған Заңмен денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіру және ұрып-соғу әрекеттері үшін жауаптылық қатаңдатылған. Бүгінгі күнге Ұлытау облысының Жезқазған қалалық сотында ҚК-нің 109-1-бабының 1-бөлігі, яғни ұрып-соғу бойынша 6 қылмыстық іс қаралған. Оның ішінде 3 қылмыстық іс бойынша айыптау үкімі шығарылып, сотталғандарға қатысты қоғамдық жұмысқа тарту түріндегі жаза тағайындалған, қалған 3 қылмыстық іс тараптардың татуласуларына байланысты тоқтатылған. Сонымен қатар, жоғарыда аталған Заңмен Еңбек кодексінің 97-бабы 4- тармақпен толықтырылды, оған сәйкес жұмыс беруші жұмыскерге тұрмыстық зорлық-зомбылықтан зардап шеккендерге арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсынатын ұйымдарда болған кезеңде жалақысы сақталмайтын, бірақ күнтізбелік отыз күннен аспайтын демалыс беруге міндетті. Жалақы сақталмайтын демалыс оның ұзақтығы көрсетіліп және арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсыну туралы шарттың көшірмесі ұсыныла отырып, жұмыскердің жазбаша хабарламасы негізінде беріледі.

**Г. ИСКАКОВА,
Жезқазған қалалық
сотының судьясы.**

**ЧЕМ ОПАСНЫ ЛОЖНЫЕ ВЫЗОВЫ
В ПРОТИВОПОЖАРНУЮ СЛУЖБУ**

Ежедневно на телефон противопожарной службы поступает множество вызовов, но, к сожалению, среди них бывают и ложные.

Порой, только на месте сотрудники противопожарной службы узнают, что вызов ложный и пока кто-то развлекается таким сомнительным образом, кому-то в это время реальная может понадобиться помощь. Чаще всего такие звонки поступают от детей, они звонят в экстренную службу и сообщают о несуществующем происшествии.

Сотрудники противопожарной службы реагируют на все сообщения, поскольку они обязаны не оставлять без внимания любой такой звонок.

В случаях, когда речь идет о сохранении жизни и здоровья людей, для специалистов дорога каждая секунда.

Вызов пожарных, а в особенных случаях из хулиганских побуждений, карается законом. Называется это заведомо ложный вызов специальных служб. Если вы вызываете спецслужбы, не имея для этого никаких причин, дав ложный адрес или для того, чтобы «навредить» соседям, вас привлекут для начала к административной ответственности.

А к сведению любителей «шуток»: согласно статье 438 Кодекса Республики Ка-

захстан от 5 июля 2014 года № 235-V ЗРК «Об административных правонарушениях» заведомо ложный вызов специальных служб, влечет штраф на физических лиц в размере 30 МРП. За совершение ложного вызова несовершеннолетними лицами в возрасте от 14 до 16 лет предусмотрен штраф на родителей или лиц, их заменяющих, в размере 15 МРП.

Современные технические средства помогают без труда вычислить телефонных хулиганов и привлечь их к наказанию. Цена ложного вызова не измеряется только в денежном эквиваленте. В первую очередь, за каждым вызовом сотрудников службы чрезвычайных ситуаций стоит возможность спасения человеческой жизни или имущества.

Никогда не забывайте о том, что огонь – это страшная, порой, неконтролируемая стихия!

**Н. ТЫНЫБЕКОВ,
старший дознаватель ОЧС
г. Сатпаев, старший лейтенант
гражданской защиты**



ОВЕН. На этой неделе Овнам предстоит проявить лидерские качества в работе. Возможны новые проекты, которые потребуют решительных действий и быстрых решений. В личной жизни наметятся перемены: стоит быть внимательнее к партнеру, чтобы избежать недоразумений.



ТЕЛЕЦ. Вам в этот период рекомендуется обратить внимание на свое эмоциональное состояние. Неделя может принести волнения на работе, но все конфликты будут решены благодаря вашему спокойствию. Личные отношения выйдут на новый уровень, если вы проявите искренность и доверие.




БЛИЗНЕЦЫ. Эта неделя потребует от Близнецов максимальной концентрации на рабочих задачах. Новые возможности для карьерного роста могут появиться внезапно, но будьте готовы к быстрым решениям. В личной жизни не исключены романтические сюрпризы, которые принесут радость и вдохновение.



РАК. Для Раков эта неделя станет временем самопознания и работы над собой. Вопросы, которые долгое время оставались нерешенными, могут неожиданно выйти на первый план. В отношениях с близкими возможны недопонимания, но спокойное обсуждение поможет всё разрешить. На работе могут возникнуть новые задачи, требующие творческого подхода.



ЛЕВ. Львам в этот период стоит уделить внимание своим амбициям и планам на будущее. Неделя обещает быть насыщенной событиями, особенно в профессиональной сфере, где вас ожидают важные перемены. В личной жизни также возможны приятные сюрпризы, если вы проявите инициативу.



ДЕВАМ предстоит столкнуться с необходимостью принимать важные решения на работе. Проекты, которые казались сложными, внезапно начнут развиваться быстрее благодаря вашей внимательности и скрупулезности. В отношениях с партнером важно проявить гибкость и понимание, чтобы избежать конфликтов.




ВЕСЫ Для Вас это время станет отличным для поиска новых возможностей в карьере. Проекты, о которых вы давно мечтали, начнут обретать реальные очертания, если вы приложите усилия. В личной жизни возможно улучшение отношений благодаря открытому диалогу с партнером.



СКОРПИОНАМ предстоит неделя, полная внутренних изменений. Возможно, вы пересмотрите свои цели и приоритеты, что поможет вам двигаться вперед с новой энергией. На работе не исключены новые предложения, которые откроют для вас интересные перспективы. В личной жизни будет важно проявить терпение и внимание к партнеру.



СТРЕЛЕЦ. На этой неделе Стрельцам предстоит столкнуться с необходимостью расставить приоритеты. Работа потребует больше времени и внимания, но это может принести вам долгожданные результаты. Личные отношения потребуют гармонии и понимания, не бойтесь говорить о своих чувствах.



КОЗЕРОГАМ предстоит неделя, полная деловых вызовов. Ваше терпение и трудолюбие помогут вам успешно завершить важные проекты. Личные отношения порадуют своей стабильностью, особенно если вы проявите больше внимания к партнеру. Финансовая ситуация будет стабильной, но избегайте лишних расходов.



ВОДОЛЕЙ. Для Водолеев наступает период обновления и новых начинаний. На работе могут появиться интересные возможности, которые требуют нестандартного подхода. В личной жизни ожидаются приятные изменения, особенно если вы откроетесь новым знакомствам. Финансовая ситуация будет стабильной, но стоит избегать крупных покупок.



РЫБАМ предстоит неделя, наполненная размышлениями и планированием будущего. На работе возможно возникновение неожиданных трудностей, но вы справитесь с ними благодаря своей интуиции. В личной жизни стоит уделить больше времени близким, чтобы укрепить отношения.

СКАНВОРД

Название еврейской Библии	«Лицо солдата»	Зреет на бахче	Рыбное блюдо	В Библии - дьявол, царь ада, враг Божий	В какой игре ходят искать?
			Тонкое различие в чем-либо	Земельная мера, равная 4047 кв.м	
Квадрат наперекосья	Сладкие зимние яблоки				Река в Африке, самая длинная в мире
			Разговор двух людей	Выступ боковой стены на фасаде	
Белок мышечных волокон	Барабанщик из рок-группы				
				Легенда бокса	
		Древнеримская весовая единица			
		Город - «морские ворота» Колымы	Буксирное судно		
Незаполненное место в тексте	Горбатый заяц с Амазонки				Рабочий район на севере Гизы, Египет
			Поршневое чувство меры	Бывшая Месопотамия	Птица обитающая в горах Азии
Спасательный «бублик» на корабле	Необходимая принадлежность				
				Земледельческое орудие	
Устаревшее название письменного доноса	Торговое название чёрного коралла				
Короткое волокно				Божья функция Немезиды	

Анекдоты, анекдоты...



Проходит летчик ВЛК. Попадает к офтальмологу. Тот объясняет:

- Садитесь в уголке на стул, закройте один глаз дощечкой и называйте мне буквы, которые покажу.

Тычет в первую букву.

Летчик: - Сэээ.

Доктор: - Что за безграмотность! Вы что, в школе не учились?! Не Сэээ, а ЭС! Понятно?

Летчик весь покрывается испариной и кивает головой. Доктор тычет во вторую букву. Летчик:

- Мэээ.

Доктор: - Да вы неисправимы, батенька! Дослужитесь до таких чинов, столько прожить и неправильно бук-

вы называть! ЭМ!

Летчик весь в мыле, тремор конечностей. Доктор тычет в следующую букву. Бедный летчик, глядя на доктора глазами преданной собаки:

- ЭэээП?

Молодой пилот первый раз совершает посадку на маленький аэродром в ночное время. Перед посадкой решает выпендриться и показать диспетчерам, что типа крутой. Вместо обычных позывных говорит:

- Угадай, кто?!?!

А диспетчер тоже с юмором, гасит посадочные огни и отвечает:

- Угадай, куда?!